

Мен батырдың үрпағымын

Менің атам Кенжебай
Сарин 1897 жылы
Жангелдин ауданына
қаасты Қызбельде
№9-ауылда дүниеге
келген. Тоғызынышы
ауыл дегенімізben
бұрынғы атауы Әлімбай
ауылды.

Торғайдың топжарған
акыны Нұрхан Ахметбековтің
«Қызбельдің қызыл гүлдері»
өлеңіндегі:

Арқасын Әлімбай мен Қар-



жас алған,

Ағытай Балақарттан мекен

салған, – деген жолдар осы

жерге қатысты айтылған.

Кенжебай осы Әлімбай
(1813 –1879) бидің немересі.
Әкесінің шын аты Ибраһим.
Бірақ түріне қарап елдің бәрі
Сары деп атап кеткен. Үр-
пақтарының тегі Сарин болып
жазылады. Сарыдан Дүйсек
(1883 –1965), Кенжебай (1897 –
1980) деген екі үл және тоғыз
қызы туады. Майданға шақы-
ру қағазы бірінші Дүйсекке
келген. Кенжебай ағасының
орнына «соғыста мен барып
келейін» деп, әскери комис-
сариатқа барғанымен, өтпей
қалған екен. 1942 жылдың
ақпан айында Кенжебайдың
өзіне де шақыру қағазы келіп,
Амангелді ауданы, Елтай
ауылдық қеңесінен майданға
аттанған. Соғыста алғаш атты
әскер құрамында қылышкер
(сабельник) болыпты. Өзі де
жылжыл құмар кісі болған ғой.



Қартайған шағында:

Мінген атыңың төрт аяғы
төң болсын,

Шықшыты мен көтеншегі
көң болсын.

Төрт түяғы құйма түқ

болса, сол ат далада қалдыры-

майды, – деп өзінің соғыста

мінген атын мақтап отыра-

тын дейді.

Сталинград түбінде болған
шайқаста біздің атамыз құра-
мында болған атты әскер ту-
гел қырылғып, Кенжебай ата-
мыз берін бір татар жігіті ғана
тірі қалыпты. Госпитальде ем-
деліп шыққаннан кейін, жаяу
әскер құрамына қосылып,
Берлинге дейін барып, елге
1946 жылы оралған. 1945 жылы
Гросс-Вальтендорф атты ел-
ді-мекенде болған шайқаста
көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл
жұлдыз» орденімен марапат-
талған.

«Қызыл жұлдыз» орденіне
ұсыну туралы құжатта (На-
градной лист) ол туралы мы-

надай деректер жазылған:

«В бою за населенный
пункт Гросс-Вальтендорф 30
апреля 1945 года не замет-
ным образом подполз к не-
мецкой пушке которая вела
огонь прямой наводкой и за-
бросал гранатами ее, где пле-
нил двух немецких солдат и
одного офицера, тем самим
помог эскадрону продвинут-
ся вперед и занять выгодный
рубеж».

Наградной лист 1945 жыл-
дың 29 шілдесінде толты-
рылып, атамыз 1945 жылдың
8 тамыз күні марапатталған
екен.

Кенжебайдан тараған
Сағынтай (1937-1988) мен
Сағынай (1947 жылы туған)
үрпақтары қазір Амангелді,
Арқалық, Астана, Алматы қал-
ларында тұрып жатыр.

Бейбіт күнді орнатуға ат
салысқан бабалар үрпағы
болғаным мен үшін мақта-
ныш.

Батырлан САҒЫНТАЕВ,
Қазақстан жазушылар
одағының мүшесі